

Ұзынсу ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 11 шілдедегі "Ертіс ауданы Ұзынсу ауылдық округі Ұзынсу ауылы аумағында карантин белгілеу туралы" № 1 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Павлодар облысы Ертіс ауданы Ұзынсу ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 28 шілдедегі № 2 шешімі

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабы 8) тармақшасына сәйкес, Ертіс ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2016 жылғы 28 шілдедегі карантинді алу туралы № 2-19/346 ұсынымы негізінде, Ұзынсу ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Ауыл шарушылығы жануарлары арасында қараталақ ауруы ошағының анықталуына байланысты Ертіс ауданы Ұзынсу ауылдық округі Ұзынсу ауылы аумағында белгіленген карантин алынып тасталсын.

2. Ұзынсу ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 11 шілдедегі "Ертіс ауданы Ұзынсу ауылдық округі Ұзынсу ауылы аумағында карантин белгілеу туралы" № 1 шешімі (Павлодар облысы Әділет департаментінің нормативтік құқықтық актілерінің тізілімінде 2016 жылғы 12 шілдеде № 5163 болып тіркелген, 2016 жылғы 16 шілдедегі аудандық "Ертіс Нұры" және "Иртыш" газеттерінің № 28 жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Ұзынсу ауылдық
округінің әкімі

С. Бәкіров